

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 10 маусымдағы № 136 бұйрығына өзгеріс және толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2011 жылғы 24 қазандағы № 295 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2011 жылы 28 қарашада № 7311 тіркелді

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 2-тармағына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Әр шаруашылық бойынша есепке алуды жүргізу және тіркеу жазбаларын жүргізуді ұйымдастыру нысандары бойынша статистикалық әдіснаманы бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 10 маусымдағы № 136 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6334 болып тіркелген, 2010 жылғы 28 шілдеде № 196 (26257) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Әр шаруашылық бойынша есепке алуды жүргізу және тіркеу жазбаларын жүргізуді ұйымдастыру нысандары бойынша статистикалық әдіснамада:

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Ауылдық (селолық), кенттік әкімшіліктер бес жылда бір рет 1 қаңтардағы жағдай бойынша әр шаруашылық бойынша есепке алу кітаптарының (№ 1 нысан) және әліпбилік кітаптарының (№ 3-нысан) бетін белгілеуді жүргізеді. Әр шаруашылық бойынша кітаптардың (бұдан әрі - әр шаруашылық бойынша кітаптар) бетін белгілеу 1 және 15 қаңтар аралығындағы кезеңде барлық үйлерді аралап шығу және халық арасында сауалдама жүргізу арқылы жүргізіледі.

Ауылдық (селолық), кенттік әкімшіліктердің аумағында уақытша тұратын адамдардың тізімі (№ 2 нысан) жыл сайын жасалады және жыл бойы жүйелі жүргізіледі.

Кейінгі төрт жылда жылына екі рет ауылдық (селолық), кенттік әкімшіліктер бұрын жүргізіліп келе жатқан әр шаруашылық бойынша кітаптардағы тіркеу жазбаларына нақтылауды жүргізеді. Тіркеу жазбаларын нақтылау 1 қаңтардағы жағдай бойынша – қаңтардың 1-інен 15-іне дейін, 1 шілдедегі жағдай бойынша – шілденің 1-інен 15-іне дейін жүргізіледі.

Тіркеу жазбаларын нақтылау қорытындылары бойынша мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган мен кенттің, ауылдың (селонь), ауылдық (селолық) округтің әкімдерімен бірлесіп бекітілген графикке сәйкес тіркеу жазбаларын сәйкестендіру елді мекендерге шығу және үй шаруашылықтарына бару жолымен

жүзеге асырылады. Бір немесе сол елді мекенге шығу жылына бір рет жүзеге асырылады.

Тіркеу жазбаларын сәйкестендіру және үй шаруашылықтарына бару жүргізілгеннен кейін осы Әдіснаманың 4-қосымшасындағы нысанға сәйкес әр шаруашылық бойынша есепке алу нысандарындағы тіркеу жазбаларының сәйкессіздігі немесе сәйкестігі актісі жасалады. » .

осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес 4-қосымшамен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің Құқықтық және ұйымдық қамтамасыз ету департаменті Тіркелімдер және жарияланымдар департаментімен бірге осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының орынбасарына (Ашуев А.Ж.) жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғанынан кейін 10 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Төраға

Ә. Смайылов

Қазақстан Республикасы

Статистика агенттігі

төрағасының

2011 жылғы 24 қазандағы

№ 295 бұйрығына

қосымша

Әр шаруашылық бойынша есепке

алуды жүргізу және тіркеу

жазбаларын жүргізуді ұйымдастыру

нысандары бойынша статистикалық

әдіснамаға

4-қосымша

Нысан

"_____ облысының Статистика департаменті" ММ
_____ ауданының статистика басқармасы

**Әр шаруашылық бойынша есепке алу нысандарындағы тіркеу
жазбаларының сәйкессіздігі немесе сәйкестігі туралы
АКТ**

_____ кенті, ауылы (селосы)
ауылдық (селолық) округі

ауданының
20__ жылғы "___" _____

Біз, төменде қол қоюшылар, мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті
о р г а н н ы ң ө к і л д е р і :

Өкімінің қатысуымен

"Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы ҚР Заңының 12-бабының, 16-бабының және «Қазақстан Республикасында мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы ҚР Заңының 10-бабының негізінде әр шаруашылық бойынша есепке алу нысандарындағы тіркеу жазбаларының сәйкестігіне бақылау жүргіздік. Сәйкестендіру қорытындысы бойынша Мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органға Әкімдермен "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" ҚР Кодексінің 381-2-бабында көзделген дәйексіз әкімшілік деректерді ұсынудың мынадай фактілері анықталды:

Бұзушылықтарды жою мерзімдері: осы АКТ-іге қол қойылған күннен бастап
5 (бес) жұмыс күнінің ішінде.
Ескерту (орындалғаны туралы ақпарат 5 жұмыс күнінің ішінде аумақтық статистика органына ұсынылады)

Қолдары _____ м.о.

Т.А.Ә. және Әкімнің қолы: _____ м.о.

Ескерту (Әкім қол қоюдан бас тартқан жағдайда «Қол қоюдан бас тартты» деген жазу жазылады және күні қойылады).